



- Назар **2** Дерек пен дәйек
- Даму **3** 2019: жемісті жылдың жарқын көрсеткіштері
- Мерей **7** Агросаладағы айшықты істер
- Өркен **8** “Картадағы елдердің барлығын аралаймын”

БІРЛЕСКЕН ІСТЕ БЕРЕКЕ БАР

Қиналғанға қол ұшын созып, айналасындағыларға қамқорлық танытып жүретін еріктілердің еңбегі ерек. Сондықтан да еріктілер қозғалысын дамыту мәселесі назардан түскен емес. Ал, биылғы жылдың еріктілер енісіне берілуі ауқымды істерге серпін берді. Бұған Елордада Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың қатысуымен өткен волонтерлардың «Birgemiz» республикалық фронт-кеңесінің ашылуы дәлел.

Мәлімдеу ҚАЛЫМБЕТ.

«ЭКСПО» көрмесінің «ArtHub» павильонында орналасқан фронт-кеңесінің ашылуына еліміздің түкпір-түкпірінен озық ойлы, жалаңды 700 жас жиналды. Салтанатты шарада Президент мұндай орталықтардың барлық өңірде ашылатынын мәлімдеп, қатысушылардың қуанышын тағы бір еселеді.

Ел тарихында мұндай шара бұрын болған жоқ. Биыл «Волонтерлар жылында» көптеген жоба қолға алынады. Олардың барлығы осы кеңседе жүзеге асырылады. Мұндай орталықты еліміздің барлық өңірінде ашуды жоспарлап отырмыз, – деді Мемлекет басшысы.

Фронт-кеңсе волонтерлар үшін кеңес беру, әдістемелік, оқыту және ақпараттық



орталыққа айналатын болады. Сондай-ақ, ол волонтерлік жобалар мен оқыту бағдарламаларын үйлестіру, мониторинг жүргізіп, бірінші Call-орталықтың жұмысын ұйымдастырады. Бұл жұмыстардың барлығы еліміздегі волонтерлар санын арттыруға бағытталып отыр.

Дүниежүзінде волонтерлік қызметтің ауқымы өсіп, әлемдік қозғалысқа айналды. Қазірдің өзінде жер бетінде 1 миллиардқа жуық волонтер бар. Бізде 16 мың. Ол мүлде аз. Әлемнің жалпы ішкі өнімінің 2,5 проценті

– волонтерлер еңбегінің нәтижесі. Көптеген елде ерікті болу – қалыптасқан жағдай, үлкен құрмет. Мәселен, Францияда, Германия мен Жапонияда да еріктілердің саны жылдан жылға көбейіп келеді. Бізге де осы деңгейге жету керек, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Бұдан бөлек, жиында волонтерлік қызметтің зана-малық базасы нығайтылатыны хабарланды. Тарқатып айтар болсақ, волонтерлер нормативті-заңнамалық негіздемеге ие болды. Манызды міндеттердің бірі – волонтерларды дайындау

үшін тренингтік бағдарламаларды әзірлеу болатын. Енді ол үшін тұрақты түрде оқыту семинарлары ұйымдастырылады. Биыл дәстүрлі «Зерен» жастар лагері арнайы осы тақырыпты қамтымақ. Сондай-ақ «Волонтерлар жылы» шараларын жүзеге асыруда кәсіпкерлердің қалыс қалмауы айтылды. Соның ішінде корпоративтік волонтерлікті дамыту мәселесі күн тәртібінде.

Волонтерлік бастамалардың ілгерілеуіне екпін беріп, белсенділер үшін барлық жағдай жасайтын жер-

гілікті атқарушы органдар маңызды рөлге ие болуы тиіс. Мен барлық атқарушы органдардың басшыларына тапсырма берді деп санаймын. Бірінші кезекте мемлекеттік қызметшілер, ұлттық компаниялардың, коммуналдық кәсіпорындардың қызметкерлері жұмыс аптасының бірнеше сағатын осы бағытқа бөліп, үлгі-өнеге көрсетуі тиіс, – деді Президент.

«Жаңа бастама» деп аталатын жоба да жастарға серпіліс сыйламақ. Мемлекет оған 170 млн теңге шамасында қаржы бөледі. Ал, бұл дегеніміз – 170 әлеуметтік жоба. 170 волонтерлік ұйым 1 млн теңгеден алады. Қаражат волонтерлар үшін ыстық тамақ ұйымдастыруға, құрал-сайман сатып алуға және жол шығынын өтеуге жұмсалады.

Жастарды қанаттандыратын тек бұл емес. Мемлекет басшысының енді волонтерлік жұмыстың еңбек өтілі болып есептелетінін айтқанда, таңданысын жасыра алмағандар көп болды. Сондай-ақ, волонтер студенттерге қосымша стипендия немесе пән кредиттерін жабуға рұқсат. Осы салада жұмыс істейтін үкіметтік емес ұйымдарға да қаржылай көмек қарастырылды. Әлеуметтік жобаларды жүзеге асыру үшін 400-ден астам шағын грант бөлінді. Әр гранттың құны 300 мың теңге көлемінде. Одан бөлек, әкімдерге жергілікті бюджеттен қосымша гранттар беру жүктелді. Еңбегімен ерекшеленген волонтерлар мемлекеттік наградаларға да ұсынылады.

2-бет.



ОБЛЫС ТҮРҒЫНДАРЫНЫҢ НАЗАРЫНА!

Қазақстан Республикасы Президентінің «Орталық атқарушы органдар басшыларының, әкімдердің, ұлттық жоғары оқу орындары ректорларының халыққа есеп беру кездесулерін өткізу туралы» 2016 жылғы 5 ақпандағы №190 Жарлығына сәйкес, облыс әкімі Қ.Д.Ысқақовтың 2020 жылғы 19 ақпан күні сағат 11.00-де Н.Бекежанов атындағы қазақ музыкалық драма театрында халыққа есеп беру кездесуі өтеді.

Сонымен қатар, 2020 жылғы 14 және 18 ақпан күндері сағат 10.00-18.00 аралығында жеке және заңды тұлғалардың өкілдеріне жеке сұрақтары бойынша қоғамдық қабылдау өткізіледі.

Азаматтарды қабылдау облыс әкімдігі ғимаратының 1-кабатында өткізіледі.

Мекен-жайы: Қызылорда қаласы, Байбұрыс Сұлтан көшесі, № 1.
Байланыс телефондары: +7 7242-40-11-91 (ішкі 7030, 7049).

ЫМЫРА

Бейсенбі күні облыс әкімі Қуанышбек Ысқақов Қоғамдық кеңес мүшелері алдында есепті кездесу өткізді. Онда Үкімет қаулысымен бекітілген 2019-2022 жылдарға арналған облыстың әлеуметтік-экономикалық дамуының кешенді жоспары туралы, өңдеу өнеркәсібі, ауыл шаруашылығы және тұрғын үй құрылысы бойынша атқарылған жұмыстар баяндалды.

Айнұр БАТТАЛОВА.

Ашықтық алға жетелейді



Аймақ басшысы былтыр өңірдің әлеуметтік-экономикалық даму қарқынын сипаттайтын барлық негізгі көрсеткіштер бойынша оң нәтижелерге қол жеткізілгенін мәлімдеді. Атап айтқанда, жалпы экономикалық дамудың 7 көрсеткіші бойынша Қызылорда үздік 8 облыстың қатарында.

Былтыр аймақ экономикасына 400 млрд теңгеден астам инвестиция салынып, 2018 жылға қарағанда 17,4 процентке артқан. Осылайша Сыр өңірі инвестициялар өсімінің қарқыны бойынша жоғары өсу динамикасы бар үздік 4 аймақтың қатарында келеді. 19 әлеуметтік нысан құрылысының 11-і былтыр аяқталса, қалғаны биыл іске асады деп жоспарлануда. Жұмыс істеп тұрған кәсіпкерлік субъектілерінің саны 9,3 процентке артқан.

Қолданыстағы кен орындарының сарқылуына байланысты мұнай өндіру көлемі 2012 жылдан бастап азайып келеді. Алайда, статистика мәліметі бойынша мұнай өндірудің жыл сайынғы төмендеуіне қарамастан, былтырғы 9 айда 2018 жылдың осы кезеңімен

салыстырғанда облыста жалпыөнірлік өнім 102,4 процентті құраған. Осы орайда облыс әкімі мұнай өндірудегі шығын салдарын жою мақсатында шикізаттық емес секторды өсірсесе, экспортқа бағытталған өндірістерді дамытуға ден қойылғанын айтты.

Сонғы төрт жылда өңдеу өнеркәсібінде еңбек өнімділігі 2,8 процентке, ал шикізаттық емес экспорт көлемі шамамен 19 процентке артты. Биыл да бұл бағыттағы жұмыстарды күшейтеміз. Осы жылы ас тұзын өңдеу және йодтау зауытын іске қосамыз. Сонымен бірге жылына 4 мың тонна балық өңдейтін цехты, қуаты 1500 тонна күс етін өндіретін құс фабрикасын іске қосу, ірі қара мал өсіретін кешенді аяқтау жоспарда. Бұдан бөлек, түйе сүтінен құрғақ сүт шығаратын, шыныпластикалық желілік және жоғары қысымдағы сорғы-компрессорлық трубаалар өндірісінің құрылысы басталмақ, – деді облыс әкімі.

2-бет.

Олжас СҮЛЕЙМЕНОВ:

«Қызылорда әсем қалаға айналыпты»

«Болашақ» университетінде Қазақстанның халық жазушысы, «XX ғасыр адамы», Халықаралық «Невада-Семей» ядролық қаруға қарсы қозғалыс президенті, Қазақстанның Елбек Ері Олжас Сүлейменовпен кездесу өтті. Шараға облыс әкімінің орынбасары Наурызбай Байқадамов қатысты.

Ержан ҚОЖАСОВ.

Ұлт мақтанышының Сыр еліндегі сапарына сәттілік тілей отырып, университеттің ғылыми жетекшісі Бақберген Досмамбетов оқу ордасының бүгінгі жетістіктерін айтып өтті. Сонымен қатар жаңадан пайдалануға берілген университет ғимаратының ерекшелігіне тоқталып, аймақ жастарымен қоса, көрші облыстар, тіпті Өзбекстан Республикасынан да студенттер бар екенін тілге тиек етті.

Өз кезегінде ақын университет пен колледж жастарына және профессор-оқытушыларға ыстық ықыласын білдірді.

Құрметті достар! Осыдан 4-5 жыл бұрын Қызылорда болдым. Сол жылдармен салыстыра қарап отырсам, қалада көп өзгеріс, артықшылық, әдемілік бар. Жаңа үйлер, әуелім ғимараттар, үлкен көпірлер. Сіздердің мынадай әсем ғимаратта білім алуларыңыз. Мұның бәрі – біздің елдің алға басып, жылдан-жылға қарыштап дамуының бірден-бір белгісі. Бүгінгі ұйымдастырылған кездесуге ризашылығымды білдіремін, – деді Олжас Сүлейменов.

Сондай-ақ, ақын «Невада-Семей» қозғалысының 30 жылдық

мерекелік медалімен университет ұжымын және ауыл шаруашылығы ғылымдарының кандидаты, доцент Галия Әлібекованы марапаттады.

Жалпы бұған дейін де білім беру ордасында «Мәртебілі мейман» жобасы қолға алынған болатын. Онда Қазақстанның экономикалық және рухани қалыптасуында, даму тарихында сүбелі үлес қосқан, еңбегі сіңген танымал тұлғалармен кездесу ұйымдастырылып отырады. Кездесуде жастар мен жазушы арасында диалог болып, Олжас Омарұлының шығармашылығы мен өмір жолына қатысты өздерін қызықтырған сауалдарға жауап та алды.

Тағылымды шара соңында университеттің ғылыми кеңесі шешімімен ғалым, ұстаз, саясаткер, ақын Олжас Сүлейменовке «Болашақ» университетінің Құрметті профессоры атағы берілді.

ҚОҒАМДЫҚ ҚАБЫЛДАУ

Әрбір мәселе заң шеңберінде шешіледі

Облыс әкімі Қуанышбек Ысқақов өңірлік коммуникациялар қызметінде азаматтарды жеке мәселелері бойынша қабылдады. Оған қала және аудан әкімдерінің орынбасарлары мен басқарма басшылары қатысты. Қабылдауға 30-ға жуық адам келді.

Ыдырыс ТӘЖІҰЛЫ.

Өтініштердің басым бөлігі тұрғын үй, әлеуметтік көмек, жұмыссыздық, денсаулық, білім салаларына, сондай-ақ, қоғамдық мәселелерге қатысты болды.

Қабылдауға алғашқы кірген «Арал балалары» қайырымдылық қорының атқарушы директоры

Құралы Исаяева отбасылар мен балаларға арналған жобаны қосымша қаржыландыру мәселесін жеткізді. Бұл жоба облыста үшінші жыл жүзеге асырылуда. Ол көмек қажет жандарға жеті мемлекеттік әлеуметтік қызмет көрсетуге бағытталған. Дәлірек айтқанда, әлеуметтік

карта арқылы қиын жағдайға душар болған отбасының басымдыққа ие проблемалары анықталып, оған тартылған мамандар (заңгер, психолог, әлеуметтік сала қызметкері және т.б.) отбасымен бірлесіп, оның проблемаларын шешеді. Осылайша олардың денсаулық сақтау мекемелеріне, білім ошақтарына, әлеуметтік көмекке және тағы басқа салаларға қолжетімділігі қамтамасыз етіледі. Бүгінгі таңда 147 отбасына қолдау көрсетіліп, 63 отбасындағы балалардың қиын жағдайлардан шығуына көмек берілген.

7-бет.

Бірлескен істе береке бар

Осылайша, басқосу баянды бастамаларға толы болды. Шарада «QAZVOLUNTEER.KZ» онлайн платформасының қызметі және волонтерліктің 7 салалық бағыты тарқатып айтылды. Соның ішінде Мемлекет басшысы жерлесіміз, қалалық «Жастар ресурстық орталығының» директоры Сабыржан Кеңшіліктің «Жеңіс» республикалық қайырымдылық жобасы мен өңірімізде осы бағытта қолға алынған жұмыстарымен танысты. Сыр волонтерлары да тікелей байланысқа шығып, «Волонтерлар жылының» ретінде жариялануы ерікті қоғам мүшелерінің жұмысына одан әрі серпін беріп, жауапкершілікті арттырғанын алға тартты. Осы орайда Қасым-Жомарт Кемелұлы Сыр жастарының жұмысына оң баға берді. Жалпы, «Еріктілік – халқымыздың шынайы болмысы, салт-дәстүрі. Бұл бастама ұлтты ұйыстырып, мемлекетті нығайту үшін қажет» деген пікірімен бөлісті.

Кездесу республика жастарының басын қосып, бағытын бір арнаға бұрды. Ең бастысы, волонтерлардың жұмыс істеуіне қажетті мүмкіндіктер қарастырылды. Олардың ендігі міндеті – білек сыбана іске кірісіп, ел игілігі жолындағы еңбекті жалғастыру.

Ольга Чебакова, «Волонтеры Кызылорда» қоғамдық бірлестігінің директоры:

– Президент пәрмен берген «Волонтерлар жылы» жоғары деңгейде өткізу және әр өңірде волонтерлік қызмет аясын кеңейту – маңызды мәселе. Ол «BIRGEMIZ» республикалық фронт-кеңсесінің ашылуында көтерілді. Облыстан 30-ға жуық делегат қатысты. Қазақстанның түкпір-түкпірінен келген жалынды жастарды көріп, көзіміз оттай жанды. Әрбір жаңа бастама бізге ерекше серпіліс сыйлады. Жалпы, елімізде жастардың волонтерлік қызметпен айналысуына бар жағдай жасалуда. Біз сол мүмкіндікті пайдалана білуіміз керек. Алдағы міндет айқын. Облыста еріктілік қызметті ілгерілету бағытында ерікті жастар лагері, облыстық слет ұйымдастырылып, тың тәжірибемен бөлісуге мүмкіндік беретін пікірталасулар мен семинар-тренингтерді өткізу қолға алынған. Облыстық «Жастар ресурстық орталығының» бастамасымен «Еріктілер штабы» да құрылды. Мен жетекшісі ретінде сайландым. Қазір еріктіліктің 15 бағыты айқындалып, негізгі бағыттар бойынша жұмыс жалғасуда.

Айнұр Әбсеметова, халықаралық волонтер:

– Бұған дейін өмір сүру деңгейі төмен шағын ғана африкалық ел – Малавиде тұрып, халықаралық волонтер ретінде жұмыс істедім. Ол – менің сүйікті ісім. Бұл елге Қазақстандағы БҰҰ-ның Даму бағдарламасы шақырған еді. Олардың ортаға бейімделуіне қамқорлық таныту, өздерін жайлы сезінулері үшін қауіпсіздігін қамтамасыз ету қажет болды. Қиындарға қарамастан үйренісіп кеттім. Барлығымен бірдей елдің бүкіл өңірін аралап, шалғайдағы ауылдарында болдым. Бастысы, қажетті тәжірибе жинадым. Қазір «Шекарасыз дәрігерлер» ұйымында жұмыс істеймін. Жақын арада Мынамаға аттану жоспарым бар. Бұл ретте елімізде еріктілердің қызметі бағаланып жатқанын қуантанды, волонтерға біраз жеңілдіктер қарастырылуда. Алдағы уақытта қатарымыз толығын сөзсіз.

1-бет. Қызылорда-Астана-Қызылорда.

АШЫҚТЫҚ АЛҒА ЖЕТЕЛЕЙДІ



Экспортқа бағытталған өнім шығару агроөнеркәсіптік кешенінің де маңызды бағыттарының бірі саналады. Бүгінде бұл бағыттағы өнімдер әлемнің 19 еліне жіберіледі. Ал экспортталатын өнім түрлерінің тізбесі соңғы жылдары 3-тен 19-ға дейін көбейді. Жыл қорытындысымен ауыл шаруашылығы өнімінің экспорт көлемі 7 процентке өсіп, өңделген өнім үлесі экспорттың 90 проценттен астамын құрады.

– Күріштің әр гектарынан 60,3 центнерден өнім жиналып, 530,5 мың тонна күріш салысы қамбаға күйылды. Әлеуметтік маңызы бар 19 азық-түлік тауарының ең төмен бағасы қалыптасқан облыстардың қатарында біздің өңір де бар, – деді аймақ басшысы.

Былтыр жұмыссыздық деңгейі 4,7 процентке төмендеген. Кәсіпорындарда қызметкерлерді жаппай қысқартуды болдырмау және жұмыссыздық деңгейін бірнеше жыл бойы 4,8 процент, яғни, республикалық орта көрсеткіштен асырмай ұстап тұруға қол жеткізілді.

Қабылданған жүйелі шаралар нәтижесінде соңғы 3 жылда жұмыс істеп тұрған кәсіпкерлік субъектілерінің саны 24 процентке, шағын және орта бизнесте жұмыспен қамтылғандар саны 7,5 процентке, ал салық түсімдерінің көлемі тек соңғы жылдың өзінде 11 процентке артқан.

– Президент тапсырмасына сәйкес, шағын және орта бизнестің өңірдің өндірілген өнімдегі үлесі 2025 жылы 35 процент болуы тиіс. Ал бізде, өткен жылдың 9 айы бойынша 16,5 процент ғана. Мұнымен қоса бейресми жұмыспен қамтылғандар жұмыссыздық деңгейін төмендетуге, салық түсімін арттыруға кері әсер етіп отыр. Ендігі бір мәселе, ол бейресми жұмыспен қамтылғандарды заңдастыру, рәсімдеп, тіркеуге алу, – деп атап өтті облыс әкімі.

Аймақта тұрғын үй құрылысын дамытуға үлкен мән беріліп келеді. Былтыр шамамен 760 мың шаршы метр тұрғын үй көлемі пайдалануға

берілген. Облыс орталығындағы Сырдария өзенінің сол жағалауын игеру жалғасуда. Қазірдің өзінде 2234 пәтерлі 48 көпқабатты тұрғын үйдің құрылысы аяқталған. Оның ішінде 18 үй жеке инвесторлар есебінен пайдалануға берілген. Алайда аймақ басшысы тұрғын үйге кезектің қатары әлі де жоғары болып тұрғанын атап айтты.

– Қазіргі таңда облыс бойынша тұрғын үйге мұқтаж 30118 азамат,

ланың барлық көпәтерілі үйлерін табиғи газға көшіру аяқталды. Бұл өз кезегінде қаланың әлеуметтік ахуалына оң әсерін тигізуде.

– Алдағы 3 жылда қаланың су, көріз желілерін жаңғырту және қайта құру бойынша жұмыстар жүргізіледі. Жылу тарифын төмендету мақсатында Байқоңыр кешені бойынша Қазақстан-Ресей Үкіметаралық комиссиясының кезекті отырысына қаланың жылу жүйесін дамыту

басшысы.

Қазіргі таңда «Қорқыт Ата» әуежайы» АҚ мен «FlyArystan» әуекомпаниясының арасында келісім-шарт жасалып, наурыз айының ортасына бірнеше бағытта жолаушыларды арзан бағамен тасымалдау ұйымдастырылады. Сондай-ақ, 29 наурыздан бастап «Аэрофлот» компаниясы (Ресей) халықаралық «Мәскеу – Қызылорда – Мәскеу» бағыты бойынша аптасына 4 рет ұшатын болады.

Кездесуде сонымен қатар облыс әкімі 2019-2021 жылдарға арналған өңірлік Әлеуметтік жол картасында көтерілген мәселелерге тоқталды және аймақ дамуында тұрғындармен ашық байланыстың маңызы зор екенін тағы бір пысықтап өтті.

– Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев бізге билік пен халықтың арасындағы ашықтықты қамтамасыз ете отырып, тұрақты байланыс орнатуды міндеттегенін білесіздер. Осы орайда мен ай сайын бір күнімді толығымен ел азаматтарының өтініш-тілектерін тыңдауға арнап, қабылдаулар өткізіп келемін. Шалғай орналасқан елді мекендердегі

ауыл тұрғындарының қабылдауға кіру қолжетімділігін арттыру мақсатында онлайн-қабылдау функциясы жұмыс істейді. Әлеуметтік жол картасында көмекке мұқтаж 136 отбасына облыстың ірі және орта кәсіпкерлік субъектілері жауапты ретінде бекітілді. Басқа да бірқатар шаралар қамтылған. Халық пен жергілікті билік арасындағы өзара байланысты қалыптастыруға бағытталған осындай жұмыстар тоқтаусыз жүргізілетін болады, – деп түйіндеді облыс әкімі.

Жыын сонында Қоғамдық кеңес мүшелері ойларын ортаға салып, ұсыныстарын айтты. Аймақ басшысының атқарып жатқан жұмыстарына оң бағасын беріп, өңірдің дамуы үшін бірлесіп жұмыс істеуге қашан да дайын екендіктерін жеткізді.



оның 25395-і қала бойынша үй алу кезегіне тіркелген. Сондықтан осы мәселені шешу бойынша қарқынды жұмыстарды жалғастыруға тиіспіз. Сондай-ақ, бүгінгі күні 96882 азамат жер кезегінде тұр. Оның басым көпшілігі Қызылорда қаласының үлесінде. Соған қарамастан, бізде тұрғын үй салуға берілген жер телімдері уақытылы игеріліп жатқан жоқ, – деді облыс әкімі.

Байқоңыр қаласында тұрып жатқан азаматтардың әлеуметтік-экономикалық жағдайы ерекше назарда. Соңғы 30 жылда алғаш рет «Нұрлы жер» мемлекеттік бағдарламасы бойынша былтыр 50 пәтерлік 5 үй берілсе, тағы 5 үйдің құрылысын бастау жөнінде шешім қабылданды. Жаңа пәтерлерге Ақай, Төреғам елді мекендерінің де тұрғындарын орналастыру жоспарлануда. Былтырғы қазан айында қа-

мәселесін қарау туралы ұсынысты енгізу жоспарлануда. Сондай-ақ, «Байқоңыр» еркін экономикалық аймақ құру мәселесі пысықталуда, – деді аймақ басшысы.

Облыс әкімі «Қорқыт ата» әуежайының құрылысы биыл басталатынын айтты. Бұл жобаны іске асыру мемлекеттік-жекеменшік әріптестік аясында жүргізілмек.

– Әуежайды жаңарту, қайта салу мәселесі көптен қызылордалықтардың көкейінде жүрген сұрақ болатын. Жекеше әріптесті анықтау бойынша өткізілген конкурстың бірінші кезеңімен «B1 Civil Construction» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі біліктілік іріктеуден өтті. Қазіргі уақытта жобалық-сметалық құжаттаманы әзірлеу бойынша жұмыстар басталып кетті. Биылғы мамыр айында терминал құрылысы басталады деп күтілуде, – деді аймақ

ДЕРЕК ПЕН ДӘЙЕК

2019 ЖЫЛҒЫ ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДАМУЫНЫҢ КЕЙБІР КӨРСЕТКІШТЕРІ

<p>2019 жылы инвестиция көлемі 17,4%-ке өсті. Инвестициялардың өсуі кәсіпорындардың меншікті қаражаты салымының 26% көбеюі есебінен қамтамасыз етілді.</p>	<p>2013 жылы облыс ауыл шаруашылығы өнімдерінің тек 3 түрін экспорттаса, 2019 жылы экспорттық өнімнің саны 19 түрге жетті.</p>	<p>«Аралтұз» АҚ экспортқа шығаратын өнімдерінің үлесі 61-ден 80%-ке жетті. Кәсіпорын Украинаға 924 тонна тұз экспорттады.</p>	<p>Күрішшілер гектарынан 60,3 центнерден өнім алып, жаңа рекорд орнатты. Гектарынан 108 центнерден өнім жинаған диқандар да бар.</p>
<p>2018-2020 жылдары жаппай кәсіпкерлікті дамытудың үш жылдығы жарияланды. Жұмыс істеп тұрған шағын және орта бизнес субъектілерінің саны 2019 жылы 9,3%-ке өсті. Бұл көрсеткіштің өсуі қарқыны бойынша аймағымыз республикада жетекші орынға ие.</p>	<p>Мемлекеттік жекеменшік әріптестік аясында 34 млрд теңге көлемінде 142 жоба жүзеге асырылып жатыр.</p>	<p>2019 жылы 761 мың шаршы метр тұрғын үй пайдалануға берілді.</p>	<p>Қызылордада Сырдарияның сол жағалауында Жастар ресурстық орталығы мен тұрғын үйлер пайдалануға берілді.</p>
<p>2019 жылы Шиелі кентінде аудандық аурухана пайдалануға берілді. Аймақтың ауылдық елді мекендерінде 7 дәрігерлік амбулатория ашылды.</p>	<p>20 жылдық үзілістен кейін қызылордалық «Қайсар» футбол клубы өз тарихында екінші рет ел Кубогын жеңіп алды. «Алтын самғау-2019» ұлттық конкурсының қорытындысымен Қызылорда облысы «Қазақстанның үздік спорттық аймағы» болып табылды.</p>	<p>2019 жылы жеке инвесторлардың қаржысымен 1450 орындық 3 жеке мектеп салынды. Жалағаш және Жаңақорған аудандарында апатты жағдайдағы мектептердің орнына жаңа құрылыс жүріп жатыр.</p>	<p>Табиғи газды облыс тұрғындарының 63%-і тұтынады. 2019 жылы Байқоңыр қаласындағы тұрғын үйлерді табиғи газға ауыстыру жұмыстары аяқталды.</p>

2019: ЖЕМІСТІ ЖЫЛДЫҢ ЖАРҚЫН КӨРСЕТКІШТЕРІ



Нұрсұлтан Назарбаев 2019 жылғы 20 наурыздан бастап Қазақстан Республикасының Президенті өкілеттігін атқаруды тоқтатты. 9 маусымда өткен ҚР Президентінің кезектен тыс сайлауында Қасым-Жомарт Тоқаев жеңіске жетті.



«Абзал және К» компаниясы «Парыз» сыйлығының «Үздік әлеуметтік жауапты кәсіпорын» номинациясы бойынша алтын жүлдесін алды. Ал «Алтын сапа» сыйлығының «Үздік инновациялық жоба» номинациясы бойынша – «СКЗ-У», «Азық-түлік тауары және ауыл шаруашылығы өнімін шығаратын үздік кәсіпорын» номинациясы бойынша «Мағжан және К» компаниялары марапатталды.



28 маусымда Президент Жарлығымен Қызылорда облысының әкімі қызметіне Қуанышбек Досмайұлы Ысқақов тағайындалды.



ҚР Премьер-Министрі Асқар Мамин Байқоңыр қаласының әлеуметтік-экономикалық дамуымен, сондай-ақ гарни саласындағы бірлескен жобалардың іске асырылу жағдайымен танысты.



Арыс, біз біргеміз! Сыр құрылысшылары Арыстағы жағдайға ерекше үлес қосты.



«Қызылорда: тұрақты өрлеу, инвестициялық ынтымдастық үшін жаңа мүмкіндіктер» атты XI Халықаралық «Baikonyr Invest» инвестициялық форумы.



Сүйікті қалам – Қызылорда!



2019: ЖЕМІСТІ ЖЫЛДЫҢ



Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев Қызылорда облысында жұмыс сапары кезінде.



Жастар жылы: Сырдарияның сол жағалауында Жастар ресурстық орталығы ашылды.



Байқоңыр қаласында 5 көпқабатты тұрғын үй пайдалануға берілді. Бұл – «жұлдызды қалашықта» соңғы 30 жылда салынған жаңа құрылыс.



2019 жылы 761 мың шаршы метр тұрғын үй пайдалануға берілді.



ҚАЗАҚСТАН МҰНАЙЫНА
120 ЖЫЛ

ЖЫЛ

Аймақта 22 мұнай компаниясы жұмыс істейді.

ЖАРҚЫН КӨРСЕТКІШТЕРІ



Түркітілдес елдердің «Қорқыт және Ұлы дала сазы» халықаралық фольклорлық-музыкалық өнер фестивалі.



Ирандық қазақ Уәлімұхаммед Қожа «Қорқыт ата кітабының» үшінші нұсқасын тапты.



«Жастар жырлайды» республикалық ақындар айтысы.



Мұхтар Ниязов – айтыстың ақтаңгері.



Татулық тамыры тереңде.



«Н.Назарбаев: дәуір, тұлға, қоғам» көшпелі қор көрмесі Қызылордада.



«Қайсар» футбол командасы – Қазақстан Кубогының жеңімпазы. Команда 20 жылдан кейін екінші рет финалға шықты. Алда – Еуропа лигасы.




Сыр спортышылары – әлемдік аренада.

2019: ЖЕМІСТІ ЖЫЛДЫҢ ЖАРҚЫН КӨРСЕТКІШТЕРІ



Батыр Анаға құрмет.



Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Сыр бойы диқандарын күріштен рекордтық өнім жинауымен құттықтады.



Қызылорда облысы
үздік 8 аймақтың
қатарында.

КӨРСЕТКІШ: жетістік және жауапкершілік

	Қызылорда облысы	Республика бойынша
1. Негізгі әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларының индексі	109,1%	110,4%
2. Атқарылған құрылыс жұмыстарының көлемі	154,3%	112,9%
3. Шикізаттық емес экспорт көлемі (11 ай қорытындысы)	96,4%	96,1%
4. Негізгі капиталға тартылған инвестициялар көлемі	117,4%	108,5%
5. Өңдеуші өнеркәсіп көлемі	101,3%	104,4%
6. Пайдалануға берілген тұрғын үйлер көлемі	108,8%	104,9%
7. Ауыл шаруашылығының жалпы өнім көлемі	104,4%	100,9%



«Мерейлі отбасы» ұлттық байқауында Қиянбековтер әулеті жүздегер атанды.



Арал ауданында балықшыларының дәстүрлі V слеті ұйымдастырылды.



Жаңақорған ауданында дәстүрлі V малышлар слеті өтті.

СӘУЛЕТ пен ДӘУЛЕТ

ӨТКЕН ЖЫЛҒА ӨКПЕ ЖОҚ

Адамзат өміріндегі ең бейбіт, жасампаз мамандықтардың бірі – құрылысшы мамандығы. Бұл – жаздың аптап ыстығына, жауын-шашынға, қыстың ызғарына қарамастан тер төгіп, халыққа баспана, әлеуметтік нысандар мен өзге де игіліктер сыйлайтын нағыз елжандылар ебегі.

Ыдырыс ТӘЖІҮЛЫ.

Өткен жыл облыс құрылысшылары үшін айтарлықтай жетістікке қол жеткізген кезең болды. Аймақтағы құрылыс жұмыстарын айтпағанда, олардың қолымен Арыс қаласында жарылыс салдарынан зардап шеккен тұрғын үйлерді қалпына келтіру жұмыстары жүргізілді. Қызылордалық құрылыс компаниялары Арыс қаласындағы 5 әлеуметтік, 15 кәсіпкерлік нысан мен 268 тұрғын үйді қалпына келтіру жұмыстарын жылдам әрі сапалы орындады. Сондай-ақ облыс құрылысшылары Түркістан қаласына сый ретінде халыққа қызмет көрсету кешенін (Шығыс моншасы) салып берді.

Құрылыс – экономиканың локомотиві саналады. Облыс құрылысшылары ерен еңбегімен өңірдің әлеуметтік-экономикалық деңгейінің артуына айтарлықтай үлес қосуда. Олардың күшімен әлеуметтік, мәдени және спорт кешендері мен көпқабатты тұрғын үйлер бой көтеруде. Өткен жылы Арал ауданы мен Қызылорда қаласында 3 мектепке 425 орынға арналған қосымша ғимараттар пайдалануға беріліп, 1450 орынға арналған 3 жеке мектеп ашылды. Арал ауданында облыстық дарынды балаларға арналған мектеп-интернаты ашылып, 185 бала қабылданды.

Денсаулық сақтау саласында 2019 жылы 15 бастапқы медициналық-санитарлық көмек көрсететін нысан мен жалпы құны 5,5 млрд теңгені құрайтын Шиелі ауданы аралық ауруханасы пайдалануға берілді. Мәдениет нысандарын жаңғырту мақсатында 2 ауылдық клуб және мемлекеттік жекешелік әріптестік аясында Қызылорда қаласына қарасты Ақжарма ауылдық клубы тұрғындар игілігіне ұсынылды.

ауылында спорт кешендері іске қосылды. Ғ.Мұратбаев атындағы орталық стадионға қайта жаңғырту жұмыстары жүргізіліп халықаралық талаптарға сәйкестендірілді. Сонымен қатар, Жалаңтөс баһадүр атындағы спорттағы да-

диондар ағымдағы жөнделуде өтті.

Тұрғын үй құрылысының қай өңір болмасын маңызы өте жоғары. Сыр елінде соңғы жылдары баспаналы болу бақыты бұйырғандар көрсеткіші көңіл қуан-

кішімен салыстырғанда 108,8 процентті құрады. 2019 жылға «Нұрлы жер» мемлекеттік бағдарламасы аясында тұрғын үй және инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымдар құрылысына барлығы 24,5 млрд теңге бөлінді. 2092 пәтерді құрайтын 49 көпқабатты тұрғын үй құрылысы жүргізіліп, оның 1843 пәтерді құрайтын 43-і пайдалануға берілді.

Құрылысшылар Сырдария өзенінің сол жағалауында тұрғын аудандардың бой көтеруіне ерекше үлес қосты. Өткен жылы онда сатып алу құқығынсыз жалға берілетін 620 пәтерлік 16 үй және кредиттік жүйе бойынша 830 пәтерлік 17 үй пайдалануға берілді. Сонымен қатар, 2019 жылы «жұлдызды қалашық» тұрғындары да көп жылдардан бері алғаш рет қоныс тойын тойлады. Байқоңыр қаласында соңғы 30 жылда салынған алғашқы 5 тұрғын үй пайдалануға беріліп, 250 отбасы баспаналы болды. Оның 50 пәтері «Байқоңыр» ғарыш кешеніндегі қазақстандық құрылымдарда жұмыс істейтін мамандарға беріле, қалғанына жылдар бойы үй кезегінде тұрған азаматтар жайғасты.

Құрылысшылар күшімен 2019 жылы облыс бойынша 518 шақырым инженерлік инфрақұрылым желілері тартылған. Бұл жеке тұрғын үй құрылыстарын жүргізу үшін 3632 жер телімдерін ұсынуға мүмкіндік береді.

Жоғарыда келтірілген мәліметтер өткен жылы толық пайдалануға берілген түрлі әлеуметтік нысандар мен тұрғын үйлерді ғана қамтиды. Ал мұнан бөлек қаншама құрылыс нысандарында жұмыс жалғасуда. Әрине, тың жоспарлар мен бағдарламаларға сәйкес құрылыс қарқыны күш ала бермек. Биыл да игі бастамалар жалғасатыны өңірдің өркендеуін айқындай түседі. Қысқасы, аянбай тер төгіп, адал еңбектерін елінің көркеюіне арнаған сырбойылық құрылысшылар үшін 2020 жыл да берекелі-мерекелі болары анық.



2019 жылы Шиелі ауданының Бестам, Төңкеріс ауылдарында, Жанакорған ауданының орталығы мен Сүттіқұдық ауылында, Жалағаш ауданының Таң

рынды балалар үшін интернат-колледж мектебіне күрделі жөндеу жүргізілді. Жосалы кенті мен Қазалы ауданының Әйтеке би кентіндегі орталық ста-

тады. 2019 жылдың қаңтар-желтоқсанында пайдалануға берілген тұрғын үйлердің жалпы көлемі 761,4 мың шаршы метрге жетіп, 2018 жыл көрсет-



Әрбір мәселе заң шеңберінде шешіледі



Бұл жобаны биылғы жылы да жалғастыру жоспарланып отыр. Бірақ ол үшін жергілікті жерлерде жұмысты тиімді ұйымдастыру үшін әр ауданда бір үйлестірушіден болу керек. Облыс әкімі жобаға қолдау білдіріп, қажетті қаржы бөлу мәселесін шешуге уәде берді.

Алдын ала өтініш беріп, қабылдауға жазылған азаматтардың бірі – қазалылық Әбжәми Жанаев. 84 жастағы қария аудандағы колледжге белгілі мемлекет және қоғам қайраткері Еркін Әуелбековтің есімін беру мәселесін көтерді. Бұл ұсыныс бұрын да жасалған. Алайда, сол уақыттары ономастикалық шараларға мораторий жариялануы себепті тоқтап қалады. Ал енді бұл мәселе қайта көтерілгенде Әуелбековтің есімі көшеге берілгені белгілі болып отыр. Жалпы бір ауданда бір адамның атымен екі нысанды атау ономастикалық заңдылықтарға қайшы келеді.

Аймақ басшысы елге еңбегі сіңген тұлғаның есімін ұлықтау жөнінде бастама көтеріп жүрген ақсақалға ризашылығын жеткізіп, бұл кейінгі жастарға үлгі боларлық іс екенін атап өтті. Сонымен бірге ұсынысты облыстық және аудандық ономастикалық комиссиялар қайта талқылауға салатынын жеткізді.

Қызылорда қаласының тұрғыны Роза Бәйменованың алғашқы өтініші пәтер алуға қатысты болды. Сол жерде белгілі болғандай, Бәйменова тұрғын үй кезегінде 117-ші болып тұр екен. Облыс басшысы жыл сайын кемінде 500-ден астам адам кезегімен баспаналы болып келетінін, 117-ші кезекпен биылғы жылдың алғашқы жартыжылдығында қол жеткізу мүмкіндігі барын айтты. Екінші кезекте ол ақылы оқып жатқан қызының оқу ақысын төлеу қиынға соғып жатқанын жеткізді. Бұл мәселе бойынша жақында қала әкімдігінде де болған. Онда оқу ақысын төлеуге демеуші іздестіріп көруге уәде етілген. Аймақ басшысы тиісті сала жетекшілеріне оқу орнының гранттық комиссиясына ұсыныс жасауды тапсырды. Әрине бұл мәселе тек заң шеңберінде қаралуы тиіс. Гранттық орын босап, оқушы қыздың үлгерімі комиссия талаптарына сәйкес келіп жатса, үміттенуге болады.

Облыс әкімі қабылдауда болған барлық азаматтардың мәселелерін қарап, тиісті салалық басшыларға әрбір мәселені заң аясында шешуді тапсырды.

1-бет.



СЕРПІН

АГРОСАЛАДАҒЫ АЙШЫҚТЫ ІСТЕР

Қаңтар айында ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың қатысуымен өткен Үкіметтің кеңейтілген мәжілісінде Премьер-Министр экономикалық дамудың жеті көрсеткіші бойынша Қызылорда облысы үздік сегіз өңірдің бірі екенін атап өтті. Жетістіктер қатарында ауыл шаруашылығы саласындағы жалпы өнім көлемінің артуы да бар.

Соңғы алты жылда облыстың күрішшілері толағай табысқа кенелді. Былтыр күріштің әр гектарынан орташа есеппен алғанда 60,3 центнерден өнім жиналды. Ол алдыңғы жылы 54,5 центнерді құраған болатын. Дикан қауымының

мандай терінің өтеуі қайтты. Қамбаға 530,5 мың тонна күріш салысы жиналды. Бұл жетістікке дикандар мемлекеттік қолдаудың, перспективті сорттарды енгізу, техникаларды жаңарту арқасында қол жеткізді. Сондай-ақ, 18,4 мың тонна

күріштен басқа дәнді, 2,6 мың тонна майлы, 208 мың тонна мал азықтық дақылдар, 369,1 мың тонна картоп, көкөніс, бақша өнімдері жиналды. Биыл облыс шаруашылықтарында күріштің жергілікті «Сыр сұлуы» сорты кең ауқымда егіледі деп жоспарланып отыр.

Сыр өңірінде ауыл шаруашылығы дақылдарын әртараптандыру мәселесіне маңыз беріліп отыр. 2019 жылы облыста алғаш рет 3 шаруашылықта 50 гектарға соя дақыл егілді. Өнім деңгейі бөтен болған жоқ. Өзірге ішкі нарық

сұранысына сай жұмыс бар. Әлемде соя дақылна сұраныс өте жоғары. Келешекте оны көршілес Қытай еліне экспортқа шығару ойластырылуда.

Сондай-ақ, облыста азық-түлік бағасын тұрақтандыру бағытында оңды істер бар. Жыл бойынша ауыл шаруашылығы өнімдері жәрмеңкесі ұйымдастырылады. Жергілікті халық соның арқасында арзан өнімдерді тұтынуға қол жеткізіп отыр.

Соңғы жылдарда облыстың ауыл шаруашылығы саласында экспорт көлемі өсті.

2019 жылдың I қарашасына дейінгі мәліметте 64,2 мың тонна өнім шет мемлекеттерге шығарылған. Олардың санатында балық, күріш, бидай және бидай қалдығы, арпа, майлы дақылдар тұқымдары, томат, қияр, қарбыз, қауын, сабан және көкөніс, мал шаруашылығы өнімдері бар.

Аграрлық сала өндірісінің тиімділігін арттыруға өз деңгейінде мән беріліп отыр. Тауар өндірушілер цифрлық технологияны енгізу жұмыстарын бастады. Шиелі ауданындағы «Ақмая» шаруа қо-

жалығы базасында «нақты егіншілікке» арналған «Ак-плау Smart Farm» цифрлық платформасының жобасы іске асырылды. Одан бөлек көкөніс өсіру үшін (томаттар) Қызылорда қаласында «КазАгроМир» ЖШС жоғары технологиялы заманауи автоматтандырылған жылыжай кешенінің құрылысын салды. Мал шаруашылығы саласында «ақылды фермалар» құру жүзеге асырылуда. Бір сөзбен айтқанда, облыстың аграрлық саласы жаңа кезеңге аяқ басты.

«СБ» ақпарат.



